

Көліктік-логистикалық
инфрақұрылым түсінігі мен
құрамы

Дәріс 2

Инфрақұрылым

- (лат.тілінен *infra* - астында, құрылым)- белгілі бір салаларға жағдай жасау және сонымен қатар адамдардың өмір сүру қабілеттілігін жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында құрылған кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы.

Түсінігі

- Инфрақұрылым - ағылшын тілінен «infrastructure» экономикалық және саяси өмірдің құрамдас бөліктері ретінде қосымша сипатта бірақ жалпы жүйенің дұрыс қызмет етуін қамтамасыз етеді ()

-
- Инфрақұрылым құрамына жолдар, байланыс, көлік, қойма шаруашылығы, ішкі энергиямен қамтамасыз ету, сумен қамтамасыз ету, спорттық ғимараттар, көгалдандыру және халыққа қызмет көрсету кәсіпорындары жатады. Сондай-ақ ғылым, білім беру және денсаулық сақтауды жатқызады.

Логистикалық инфрақұрылым құрамы:

- -жеке көлік түрлері бойынша көлік жүйелері:
- -автокөлік-жолдар;
- -теміржол –рельс жолдары мен бекеттер;
- -су-географиялық және навигациялық қол жетімділік, порттар, жағажайлар мен айлақтар;
- - әуе-әуежайлар, әуедромдар, хабарлама жүйесі;
- - құбыр-магистральдар.
- -түрлері және меншік формалары бойынша көліктік парк;

- -автожанармай құю станциялар жүйесі, тұрақтар, қызмет көрсету;
 - -көліктік-жүктік түйіндер-логистикалық орталықтар, терминалдар, ортақ қоладныстағы қоймалар, тарату орталықтары, уақытша сақтау қоймалары, кедендік-қоймалар мен қызметтер,
-
- -ақпараттық каналдар мен жүйелер, аймақтық ақпараттық-мараптау оралықтары;
 - -жүк бірліктерін унификациялау және манипуляциялау (алал-жарғы жасау) жүйелері –тара, сыртқы орам, идентификация және жүктерді кодтау;
 - -логистикалық үрдістерді қаржылық қамтамасыз ету жүйесі;
 - -логистикалық қызметті нормативті-құқықтық қамтамасыз ету;
 - -логистикалық үрдістердің қатысушылары, нысандар, операторлар, провайдерлер, делдалдар.

Көліктік-логистикалық инфрақұрылым дегеніміз

- тауарлар мен адамдардың қозғаласын ұйымдастыру үшін және көліктік-логистикалық қызметті көрсету (темір жол көлігі, ішкі су көлігі, автокөлік жолдары, тоннельде, эскадалар, көпірлер, қоймалық және контейерлік терминалдар, көліктік-логистикалық кешендер сондай-ақ көліктік-логистикалық инфрақұрылымның қызмет етуін қамтамасыз ететін ғимараттар, құрылғылар мен құрал-жабдықтар) бойынша технологиялық кешен болып табылады.

ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ РЕТІНДЕ

- жеткізу тізбегінің қатысушылары-материалды-техникалық ресурстарды жеткізушілер, аралық және соңғы дайын өнімді өндірушілер, өнімді тұтынушылар

Логистикалық инфрақұрылымды 6 топқа жіктеуге болады:

- -институционалды: атқарушы билік органдары, салық инспекциясы, кедендік қызмет және тағы басқалар;
- -Қоғамдық: кәсіпкерлер мен өндірушілер одағы, тұтынушылар одағы, экспедитерлер;
- -зерттеушілік: ғылыми-зерттеу ұйымдары, маркетингтік ұйымдар, логистикалық фирмалар;
- -шектеуші: заң қызметі, мемлекеттік эпидемиялық бақылау қызметі, стандарттау, метрология және сертификациялау қызметі;
- -қызмет көрсету: қаржылық ұйымдар, білім беру ұйымдары, сақтандыру компаниялары, аудиторлық фирмалар, лизингтік компаниялар, делдалдық жүйе;
- -техникалық: жөндеу кәсіпорындары, сервистік орталықтар, бөлшектерді жеткізушілер.[

-
- Көліктік логистика және оның инфрақұрылымына келер болсақ біріншісі жүктердің оңтайлы маршрут бойынша жеткізу процесін ұйымдастыру жүйесі болса, ал көліктік-логистиканың инфрақұрылымына жеткізуді немесе тасымалдауды үрдісіне қызмет көрсететін кәсіпорындардан тұрады. Оның құрамы:
 - -көлік нысандары;
 - -қоймалық-терминалдық кешендер;
 - -қосымша және ақпараттық нысандар.

Көліктік-логистикалық инфрақұрылым нысандарына жүктер мен жолаушыларды тасымалдаудың дұрыс қызмет ету үрдісін қамтамасыз ететін ғимараттар мен жабдықтар. Мұндай нысандар құрамына:

- -автобазалар;
- -автобекеттер;
- -темір жол бекеттері;
- -Әуежайлар;
- -Қойма кешендері;
- -жүк терминалдары;
- -контейнерлік алаңдар.

КӨЛІКТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫММЕН БІРІКТІРІЛІП, КӨЛІКТІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚҰРАЙДЫ.

